


**«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Басқармасының  
2023 жылғы 28 тамыз  
№ 24 шешімімен бекітілген**

**«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ  
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӘРАЛУАНДЫЛЫҒЫ МЕН ИНКЛЮЗИВТІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ  
САЯСАТ**


\_\_\_\_\_ дана

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйкестендіру коды: П-20-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат	9 беттің 2-ші беті

### **АЛҒЫ СӨЗ**


**Енгізілді:** алғашқы рет.

**Қайта қарау датасы:** 2028 жыл.

 <b>QAZAQGAZ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйкестендіру коды: П-20-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат	9 беттің 3-ші беті

### Мазмұны

1. Мақсаты және қолданылу саласы ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  2. Нормативтік сілтемелер..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  3. Терминдер және анықтамалар..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  4. Қысқартулар мен белгілеулер ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  5. Жауапкершілік және өкілеттіктер..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  6. Саясатты іске асырудың негізгі принциптері және тәсілдері ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  7. Жазбалар..... **Ошибка! Закладка не определена.**
  8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату .... **Ошибка! Закладка не определена.**
- Өзгерістерді тіркеу парағы ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- Танысу парағы ..... **Ошибка! Закладка не определена.**

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйкестендіру коды: П-20-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат	9 беттің 4-ші беті

## 1. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі - ЕТҰ немесе бірлесіп аталатын - Компаниялар тобы) әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат жалпыға бірдей танылған заңдар мен кемсітпеу принциптеріне негізделген. Жұмыс орнында тең мүмкіндіктер мен инклюзивтілікті қамтамасыз ету адам құқықтарын құрметтеудің негізгі элементі болып табылады.

1.2. Қоғам біздің жұмыскерлеріміздің біз жұмыс істейтін және өмір сүретін қоғамның алуан түрлілігін білдіретін жоғары білікті мамандары деп сенеді. Қоғамның әралуандылық, тең құқықтық және инклюзивтілік принципі ұстануы әртүрлі тәжірибесі мен білімі бар жұмысшыларды жалдау мен ұстауды, әралуандылық мәселелер мен оның артықшылықтары туралы хабардарлықты арттыруды және инклюзивтілік сақталатын қолайлы ортаны құруды қамтиды.

1.3. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасында, Іскерлік этика кодексінде, Адам құқықтары саласындағы саясатта және Компаниялар тобының басқа да саясаттарында жазылған басшылық қағидаттардан бөлінбейтін болып есептеледі.

1.4. Жұмыс орнындағы тең мүмкіндіктер мен инклюзивтілікті ұстануда Компаниялар тобы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілік туралы конвенциясында (№ 111) жазылған қағидаттарды басшылыққа алады.

1.5. Осы жоғары деңгейдегі Саясаттың мақсаты әралуандылық пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету үшін бағыттарды, қағидаттар мен негізгі ережелерді айқындау болып табылады.

1.6. Саясат ережелерін Қоғамның және Компаниялар тобының барлық жұмыскерлері орындауға міндетті.

1.7. Осы Саясаттағы «Сіз», «біз», «бізді» немесе «бәрі» үндеуі Қоғамның барлық жұмыскерлеріне жүгінуді білдіреді.

1.8. Біз адамдар құрмет, құндылық және қолдауды сезінетін ашықтық пен сындарлы сынақпен сипатталатын инклюзивті командалық мәдениетті құруға тырысамыз.


1.9. Біз бизнестің максималды тиімділігіне қол жеткізу үшін ойлау мен тәжірибедегі әртүрлілікті қабылдаймыз және ынталандырамыз.

1.10. Біз объективті, бейтарап және әділ және күшті, өкілді және инклюзивті мәдениетті сақтауға көмектесетін саясаттарды, жеңілдіктер мен механизмдерді талдаймыз және әзірлейміз.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Саясатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

- 1958 жыл - Халықаралық еңбек ұйымының Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілік туралы конвенциясы;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ішкі регламенттеу құжаттарын әзірлеуге, ресімдеуге және баяндауға қойылатын жалпы талаптар» құжатталған рәсімі
- ДП-01 - «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ішкі регламенттеу құжаттарын әзірлеуге, ресімдеуге және баяндауға қойылатын жалпы талаптар
- ДП-02 - Құжаттаманы басқару

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйкестендіру коды: П-20-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат	9 беттің 5-ші беті

ДП-03 - Жазбаларды басқару

### 3. Терминдер және анықтамалар

3.1. Осы Саясатта 1-кестеге сәйкес терминдер мен оларға сәйкес анықтамалар қолданылады.

1-кесте. Терминдер және анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
Әралуандылық	адамдардың жасына, жынысына, этникалық тиістілігіне, дініне, мүгедектігіне, біліміне, ұлтына, қабілетіне, әлеуметтік тегіне байланысты айырмашылықтардың құндылығын құрметтеу және тану негізінде олардың мүмкіндіктерін кеңейту.
Инклюзивтілік	бұл барлық адамдарға әділ және құрметпен қарайтын, барлық жұмысшылар мүмкіндіктер мен ресурстарға тең қол жеткізе алатын және ұйымның табысына толық үлес қоса алатын жұмыс ортасын құру. Инклюзивті тәжірибесіз ортаның әралуандылығына қол жеткізу мүмкін емес.
Равенство	барлық жұмыскерлер үшін дәйекті және жүйелі әділ және бейтарап қарым-қатынасты қамтамасыз етуді ұстану.
Заң/ заңнама	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы

### 4. Қысқартулар мен белгілеулер

4.1. Осы Саясатта 2-кестеге сәйкес мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылды.

2-кесте. Қысқартулар мен белгілеулер

№ р/б	Қысқартулар мен белгілеулер	Келтірілген қысқартулар мен белгілеулерді ашып жазу
1.	Қоғам	«QazaqGaz» ҰК» Акционерлік қоғамы
2.	ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
3.	ИМЖ ЖҚБ	Функционалына ИМЖ кіретін жауапты құрылымдық бөлімше
4.	АРБЖЖТД	Функционалына адам ресурстарын басқару кіретін жауапты құрылымдық бөлімше.

### 5. Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы осы Саясатты іске асыру мақсатта, барлық қажетті ресурстардың ұсынылуы үшін жауапты болады.


5.2. Басшылық осы Саясатты іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады.

5.3. Компаниялар тобының басшылары мен жұмыскерлері әралуандылық пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін сөзсіз толық орындауға жауапты.

5.4. ДП-01 «Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының мазмұнына, баяндалуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты әзірлеуге АРБЖЖТД жауапты болады.

5.5. Осы Саясатты басқару үшін ДП-02 «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес ИМЖ ЖҚБ жауапты болады.

### 6. Саясатты іске асырудың негізгі принциптері мен тәсілдері

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйкестендіру коды: П-20-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат	9 беттің 6-ші беті

6.1. Саясат келесі принциптерге негізделген:

- жынысына, жасына, этникалық тегіне қарамастан тең мүмкіндіктер жасау және т. б., жұмысқа қабылдау, жұмысқа орналасу, кәсіптік даярлау, еңбек нәтижелерін бағалау және оған ақы төлеу кезінде кемсітушілікке төзбеушілік;
- басқару құрылымдарын қоса алғанда, барлық ұйымдастырушылық деңгейлерде әралуандылық құндылығын ілгерілету;
- Қоғам мен Компаниялар тобының қызметіне және басшылығына әйелдердің көбірек қатысуын ынталандыру;
- барлық қызметкерлерге кәсіби дамуда және жұмыс процестеріне қатысу, оқыту және дамыту үшін өз әлеуетін іске асыруда тең мүмкіндіктер беру;

6.2. Саясатты іске асыру тәсілдері:

- Қауіпсіз жұмыс ортасы: Біз барлық жұмыскерлерді кемсітушілік және/немесе қудалауды болдырмайтын мінез-құлық туралы түсініктерін жақсарту үшін оқытамыз және жұмыскерлерге осы мінез-құлық туралы хабарлаудың қауіпсіз жолдарын ұсынамыз. Біздің жұмыскерлер Іскерлік этика кодексінде белгіленген жұмыс орнындағы мінез-құлық этикасы туралы біледі.

- Жұмысқа орналасу мүмкіндігі: Қоғам біздің тәжірибеміз бен процестеріміз әртүрлі жұмысшыларды тартатынына кепілдік береді. Жұмысқа қабылдау, тағайындау, дамыту және жоғарылату процесі жұмыскердің кәсіби еңбегіне ғана байланысты.


- Оқыту және дамыту мүмкіндіктері: Қоғам кемсітушіліктің кез келген түрін қоспағанда, барлық жұмыскерлерді оқыту және дамыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады.

6.3. Қоғам, соның ішінде Директорлар кеңесін/Компаниялар тобының Байқаушы кеңесін, жоғары және орта деңгейдегі басшылықты қоса алғанда Қоғамның барлық деңгейлерінде әралуандылықты арттыруға тырысады. Компаниялар тобының Директорлар кеңесіне/Байқаушы кеңесіне, сондай-ақ жоғары және орта буын басшылық лауазымдарға тағайындаулар кандидаттың еңбегі, тәжірибесі, білімі мен дағдылары негізінде жүзеге асырылады, бұл сараптамалық білімнің тепе-теңдігі мен әртүрлілігін қамтамасыз етеді. Білім деңгейі мен кәсіби тәжірибенің, сондай-ақ директорлар мен жұмыскерлердің жеке қасиеттерінің үйлесімі әртүрлі пікірлер мен кең білім базасын қамтамасыз етеді.

6.4. Әралуандылық тұжырымдамасы қабылдау мен құрметтеуді қамтиды. Бұл әр адамның бірегей екенін түсінуді, сондай-ақ жеке ерекшеліктерді мойындауды және қабылдауды білдіреді. Бұған нәсіл, тері түсі, дін, жыныс, отбасылық жағдай, жүктілік, жас, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүгедектік, кәсіподақ мүшелігі, саяси сенімдер немесе заңмен қорғалатын басқа сипаттамалар сияқты аспектілер кіреді.

6.5. Инклюзивтіліктің мақсаты – нәсіліне, жынысына, мүгедектігіне, медициналық немесе басқа қажеттіліктерге қарамастан, барлық адамдарды қамту. Бұл жерде тең қолжетімділік пен мүмкіндіктерді ұсыну және кемсітушілік пен төзбеушілікті жою туралы айтылып отыр.

6.6. Қоғам жұмыскерлерді Қоғам ішінде және Компаниялар тобында ілгерілету кезінде кандидаттарға тең мүмкіндіктер берілетініне кепілдік береді. Біз тартылған таланттардың алуан түрлілігін кеңейтуге тырысып, жұмыскерлерді жалдау кезінде де осындай қағиданы басшылыққа аламыз. Осының барлығы біздің бизнесімізге қажетті инновациялық шешімдерді енгізу кезінде әртүрлі жыныстағы, жастағы және шығу тегі бар адамдардың әртүрлі көзқарастарынан, тәжірибелерінен және білімдерінен пайда алуға мүмкіндік береді. Біз жұмыскерлер құрамының әртүрлілігін қолдайтынымызды мақтан тұтамыз және жұмыскерлеріміз бен іскер серіктестерімізге Қоғам мен Компаниялар тобына әралуандылық пен инклюзивтілік әкелетін артықшылықтар туралы үнемі еске саламыз.

 <b>QAZAQGAZ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйкестендіру коды: П-20-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әралуандылығы мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат	9 беттің 7-ші беті

6.7. Қоғам әрбір жұмыскер өзін өзі қабылданғанын, құрметтелетінін және естілгенін сезінетін қолайлы жұмыс атмосферасын құруға ұмтылады. Біздің жұмыскерлер өздерінің толық әлеуетін аша алатынын біледі.

## **7. Жазбалар**

7.1. Осы Саясатта ДП-03 «Жазбаларды басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес басқарылуы тиіс жазбалар жоқ.

## **8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату**

8.1. Саясат қажеттілігіне қарай қайта қаралады, бірақ Қоғам Басқармасы үш жылда бір реттен сиретпей оның өзектілігі мен қолданылатын стандарттар мен практикаларға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

8.2. Осы Саясатты қайта қарау, оған өзгерістер енгізу, сақтау және тарату ДП-02 «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.3. «Түпнұсқа» осы құжатталған рәсімнің қағаз түрінде ресімделеді және Қоғамның ИМЖ ЖҚБ-да сақталады.

8.4. Осы құжатталған рәсімнің сканерленген нұсқасы Қоғамның интернет-порталында орналастырылады.





